



Р. Т. НҰРТАЕВ,
КАЗГЮУ Университетінің қылмыстық,
қылмыстық атқару құқығы және криминология
кафедрасының профессоры, з.ғ.д.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ



Ө. Т. КЕРІМҚҰЛОВ,
КАЗГЮУ Университетінің қылмыстық,
қылмыстық атқару құқығы және криминология
кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі

Мақалада сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күресу мәселелері жаңа бір қырынан қарастырылады. Мемлекеттік қызметке үміткерлерді іріктеу кезінде олардың біліміне, біліктілігіне қойылатын талаптармен қатар, адами құндылықтар бағамына да көңіл аудару қажет. Авторлардың пікірінше, мемлекеттік қызметке бойында даналық, жүректілік, парасаттылық және әділеттілік қасиеті бар ұжданы биік адамдар ғана алынуы тиіс.

Түйінді сөздер: сыбайлас жемқорлық, жемқор, меритократия, мемлекеттік қызмет, қылмыстылық, қылмыстық заңнама, заңды тұлғалардың жауаптылығы, ар-ұждан, әділеттілік.

Біздің мемлекетіміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды, жемқорлық құбылыстары мен көріністеріне соқтыратын себептер мен шарттардың ықпалын барынша төмендету бағытында құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, адамгершілік және өзге де шараларды белсенді түрде жүзеге асырып жатқаны белгілі. Қазақстан Республикасында 2015 жылдың 18 қарашасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» арнайы заң қабылданды.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 119 Жарлығында мемлекеттік қызмет жүйесін кәсіби жолға қою міндетінің шешімі алғаш рет меритократия қағидасын сақтау негізінде жүзеге асыру қарастырылған.

Меритократия қағидасының тұщымды анықтамасы Платонның «Мемлекет туралы» шығармасында берілген. Осы шығармада Сократтың сөзіне сүйене отырып, Платон меритократия қағидасының мәнін келесідей түсіндіреді: табиғи бейімділігіне қарай өз ісімен айналысатын және өзгелердің әрекеттеріне араласпайтын адамдардың бірлескен қызметінің әділдігіне негізделіп құрылған мемлекет қана идеалды бола алады.

Сократ меритократия қағидасына негізделіп құрылған идеалды мемлекеттің төрт басты тірегін көрсетеді: 1) даналық; 2) жүректілік; 3) парасаттылық; 4) әділеттілік.

Яғни, мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің тұжырымдамасында бекітілген меритократия қағидасын сақтауды көздейтін бағдар тұтас алғандағы мемлекеттік қызмет жүйесіне, оның ішінде құқық қорғау корпусына үміткерлерді іріктеу міндеті өздеріне тумысынан тиесілі немесе өздерін шыңдау нәтижесінде ие болған даналық, жүректілік, парасаттылық және әділеттілік талаптарына сәйкес келетін дағдылары мен қабілеттерін ескере отырып жүргізілуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды кең мағынада қарастыратын болсақ сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресті әрі қарай жетілдіру мәселесі жалпы қылмыстылықпен күресу тиімділігін арттыру мәселесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Себебі, криминологиялық теорияда қылмыстылық феномені криминогенді факторлардың үздіксіз әрекеттері нәтижесінде қылмыстылықтың өніп-өсуіне ыңғайлы жағдайлар қалыптастыра алатын қабілетімен ерекшеленетін біртұтас келеңсіз әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде қарастырылады.

Экономикалық теорияда қарапайым және кеңейтілген қайта өндіру түсініктері қолданылатыны белгілі. Егер қарапайым және кеңейтілген қайта өндіру түсініктерін экономикалық теория саласынан криминология саласына қолданып көрсек, қылмыстылықтың сандық және сапалық көрсеткіштерді барынша қайта өндіруге бейім құбылыс ретінде сипатталатыны туралы тұжырым жасауға болады. Басқаша сөзбен айтқанда, осы арқылы қылмыстық элементтер қылмыскерлер қатарына жаңа мүшелерді тарту жолымен белгілі бір әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздік және «жайлы-ыңғайлы» жағдайлар жасауға ұмтылады.

Қылмыстылықтың үнемі өсіп отыруына қажетті жағдайлар қалыптастыратын бір себеп ретінде елімізде төмендемей отырған сыбайлас жемқорлық деңгейін айтсақ болады. Кейде орын алған бір ғана сыбайлас жемқорлық көрінісі, мейлі ол қылмыс емес, тәртіптік теріс қылық ретінде бағаланса да, өз кезегінде бірқатар, кейде тіпті ауыр және аса ауыр қылмыстарға соқтыруы мүмкін (айталық, жемқорлық ниеттің жетегіне ерген лауазымды тұлға жазасын өтеп жүрген адамды бостандыққа жібереді, ал қылмыскер қарақшылық шабуыл жасайды немесе зорлауға барады. Басшылары парақорлыққа былыққан мемлекеттік аппарат құрылымында қатардағы қызметкерлер де, әдетте жемқорлыққа жол беріп жатады).

Осыған орай, сыбайлас жемқорлықпен күресу тиімділігін арттыру үшін қолданылған шаралар туралы сөз қозғағанда, жалпы



қылмыстылықпен күресу тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар туралы айтқан орынды болады.

Еліміздің заң шығарушы құрылымдарының еңбегінің нәтижесінде қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық мәселелерін құқықтық реттеуге бағытталған заң актілерінің елеулі қоры жинақталған.

Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықпен күресу тиімділігін арттыру мәселесін шешу жолдары түрлі деңгейдегі шенеуніктер және мемлекеттік органдар құрылымдарының олармен белгілі бір қатынасқа түсетін жеке және заңды тұлғалардың өзара қарым-қатынастарынан туындайтын және қалыптасатын қоғамдық қарым-қатынастарды барынша толық негізді және дер кезінде реттеу мәселелерімен тікелей қисынды өзара байланыста және өзара тәуелділікте болатынын айта кету керек.

Айтылған мән-жайлардың тұрғысында сыбайлас жемқорлықпен күресуді белсендендіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын ауыздықтау мен оның деңгейін төмендету міндеттерін орындау біздің республикамызда мемлекет жүргізіп отырған заманауи құқықтық саясаттың басты бағыттарының бірі деп айтсақ қателеспейміз. Бұл, ең алдымен еліміздің конституциялық құрылымы негіздеріне де, ұлттық қауіпсіздігіне де қатер төндіруге қабілетті шынайы факторға айналу мүмкіндігін бойына жинақтаған ел аумағында қарыштап қадам басқан сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік қауіпті зардаптарының артуының әсерінен мемлекеттік аппараттың қызметіндегі жемқорлық бағытының феноменімен байланысты.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресуді екпіндете түсу мәселелерін шешу белгілі бір уақыт аралығына есептелген кезекті мемлекеттік іс-шараларды немесе жекелеген сипаттағы шараларды жүзеге асырумен шектелуге емес, сыбайлас жемқорлық көріністерімен белсенді және үздіксіз күрес жүргізу шараларын қамтитын бағдарламаларға негізделуі тиіс.

Ең алдымен сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтарды барынша ашу және оны жасаған адамдардың өз құқыққа қайшы әрекеттері үшін әділ жазаларын тартуы мақсатында сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жауаптылықтан құтылмаушылық дәрежесін арттыруға күш салу қажет.

Республика азаматтарын сыбайлас жемқорлық құбылыстарын айыптау, олармен ымыраға келмеу және белсенді күресу рухында тәрбиелеп, құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті деңгейін көтеру қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған іс жүзіндегі заңнаманы қоғамдық қатынастар дамуындағы заңдылықтар мен ерекшеліктерді ескере отырып, одан әрі жетілдіруге күш салу қажет. Бұдан басқа құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне кәсіби, іскерлік, моральдық-этикалық және отансүйгіштік мағына және

мазмұндағы жоғары деңгейдегі жеке талаптарды қою арқылы, олардың сапалық құрамын жақсартуға үлкен назар аудару қажет.

Сыбайлас жемқорлық құбылыстарымен күресу кез келген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының астарында заңсыз әрекеттердің болуы әсерінен қиындай түседі. Мұндай әрекеттердің нәтижесінде сыбайлас екі тарап та пайда көреді, сондықтан бір жағынан сатып алуды, екінші жағынан «саудаға» беріліп отырған адамдарды анықтау және жауаптылыққа тарту өте қиын, кейбір жағдайларда тіпті мүмкін болмай жатады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күресудің құқықтық шараларын белсендендіре түсу сөз жоқ өзекті мәселе болып табылады, өйткені сыбайлас жемқорлық елімізге орасан зор мөлшерде экономикалық, әлеуметтік, адами және саяси зардаптар келтіреді. Адамдардың бойында демократияға, жүргізіліп жатқан қайта құрулар мен реформалардың пайдалылығы мен болашағына деген сенім жоғалады, билік пен мемлекетке деген сенімі құлдырайды. Егер еліміздегі билік басында, Ф.М. Достоевскийдің сөзімен айтқанда «ақиқат пен әділеттілік туралы түсінігін жоғалтқан, сондықтан қылмыстық әрекеттерге бейім жылпостар, алаяқтар» деп айтуға тұрарлық жемқор элементтер тұратын болса, онда кең ауқымды және адамдар санасында тұрақты орын тепкен, өздерінің тағдырына түпкілікті бойұсынған, сыбайлас жемқорлық құбылыстарына төзімді (толерантты), кей кейде оған ықпал жасап отырудан көрінетін әлеуметтік-психологиялық хал-ахуал қалыптасады».¹

Бүгінгі заманауи тұрғыдан жемқорлар мен оған ықпал етуші адамдар – ақиқат пен әділеттілік туралы түсінігін жоғалтқан, халықтың мүдделері мен қажеттіліктеріне атусті қарау салдарынан өздерінің ар-ұжданын саудаға оңай салатын адамдар деп айтуға толық негіз бар.

Сыбайлас жемқорлықтың детерминанты ретінде көрінетін түпкі факторларды айқындау барысында нақты қандай тұлғалардың сыбайлас жемқорлық көріністеріне бейімділік көрсететінін қарастыру орынды болып табылар еді.

Әрине, сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюына себеп болатын басты фактор – бұл қоғамдағы демократия деңгейінің жеткіліксіздігі, түрлі дәрежедегі шенеуніктер қызметінің «ашықтығының» болмауы және олардың өздеріне берілген өкілеттіктерді өз қалауы бойынша пайдалану мүмкіндігі. Бұдан басқа, біздің азаматтарымыздың санасына сіңіп қалған «байланыспай-ақ, бере салған дұрыс» деген пікірді де назардан тыс қалдыруға болмайды, өйткені көпшілік азаматтардың бюрократиялық қағазбастылықтан және күйбеңнен қашатыны анық.

Осы мән-жайлардың бәрі жинақтала келе сыбайлас жемқорлық үшін ауқымды (корруптер ретінде түрлі

¹Цит. по: Бачинин В.А. Криминография Ф.М. Достоевского // Государство и право. М. 2002. № 2. С. 105.

жеке және заңды тұлғалар болатын) және түпсіз терең (басшылық пен бағынушылық бастауларына негізделген жемқорлық) ыңғайлы орта орнатады.²

Құрамына құқық қорғау органдарының, соттардың, адвокатура мен өзге де заңгерлерді қамтитын, сыбайлас жемқорлыққа белшесінен батқан қылмыстық юстиция ерекше орынға ие болады. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің алғашқы сөздерінің бірінде дәл осы санат туралы айтқан болатын: «Экономикаға араласып, былық-шылық орнатасындар».

Жемқор қылмыстық юстиция мүшелері қылмыстық өмірдің түрлі «беделділерінің» қармағында, қылмыстық және азаматтық істер бойынша шешім қабылдау кезінде көбірек ақша төлеген тараптың пайдасына жығылады. Айталық, сот кісі өлтірген адамды бұлтартпау шарасын қамауға алудан ешқайда кетпеу туралы қолхат алып, бостандыққа шығарады. Әрине, бұл жағдайда қылмыскердің сот төрелігінен қашып құтылуына барлық мүмкіндіктер бар. Бұдан басқа, жемқорлар көлеңкелі экономика мен бизнес саласында әрекет ететін көптеген мекемелерге «қалқан» немесе «қалпақ» ретінде «қызметін» ұсынады, соның нәтижесінде мемлекеттік аппараттың жемқор қызметкерлері мен еліміздегі түрлі коммерциялық құрылымдары және көлеңкелі экономикамен астасып кетеді.

Талқыланып отырған мән-жайлар елімізде сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстық құрылымдардың түрлі бөлімшелері мен мүшелері арасында өзара әрекеттестік және өзара түсіністік тетіктері жақсы жолға қойылған ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының қалыптасқанын көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу тиімділігін арттыру мақсатында мемлекет жиынтығында жемқорларға қарсы күресте мемлекет пен қоғамның қарсы тұруын тиімді жолға қоюға бағытталған әлеуметтік, саяси, адами және құқықтық шаралар кешенін қабылдағаны орынды болады.

Қылмыстық заңнамада Қылмыстық кодекстің Жалпы және Ерекше бөліктеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауаптылықты реттеу мәселесін шешу қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресуді белсендендіру мәселесін шешу үшін әдістемелік тұрғыда қылмыстық құқықта қалыптасып қалған жекелеген дәстүрлі түсініктер мен институттар туралы ережелерді қайта қарау қажет. Бұл, ең алдымен заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы түсінікке қатысты.

Орасан зор материалдық, экологиялық және әлеуметтік зардаптарды келтіретін сыбайлас жемқорлық қылмыстарының көпшілігі заңды тұлғалардың қылмыстық әрекеттерінен келтіріледі. Оларды қылмыстық жауаптылыққа тарта алмаймыз, себебі ҚР ҚК 15 бабына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тек қана жеке тұлғалар жатады. Сондықтан, ҚР ҚК 15 бабы 1 бөлігін келесі мәтінмен бергеніміз орынды болады: «Қылмыстық жауаптылыққа осы кодексте көзделген жасқа толған есі дұрыс адам, сондай-ақ заңды тұлға жатады».

Сондай-ақ, ҚР ҚК 15 бабын келесі нормамен толықтыруымыз қажет: «Заңды тұлға жасаған әрекеттер Кодекстің Ерекше бөлігі баптарында арнайы көрсетілген жағдайда ғана қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады».

Заңды тұлғалардың жауаптылығы туралы мәселе заңды түрде бекітілетін болса, жасырын мүліктерді «заңдастыру» сияқты шараларды жариялап, жемқор элементтердің ар-ұятына үміт артпай-

²Нуртаев Р.Т. О методологических аспектах наказания в проведении современной уголовной политики Казахстана // Право и государство. №1 (46). 2010. С. 193-202.

ақ, елімізде кең етек жайып келе жатқан көлеңкелі экономика, қылмыстық жолмен табылған ақша, өзге де құндылықтарды жасыру және жылыстатумен күрес тиімділігін арттыру туралы нақты болжамдар жасауға қол жекізетін едік.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудегі шет елдік ұтымды тәжірибені ескерсек, еліміздің қылмыстық заңнамасында түрлі лауазымдар мен қызметтерді сатқаны үшін қылмыстық жауаптылық бекіту бүгінгі күннің талаптарына сәйкес келетіні анық.

Жария лауазымдарды сату деп жалдану арқылы жүргізілетін жұмыстарды қоса алғанда, қандай да бір лауазымды иемдену мақсатында сату, сатып алу, келісімдер жасау түріндегі сыбайлас жемқорлық түсініледі. Лауазымды тұлғаларға қатысты өзінің лауазымдық немесе қызметтік міндеттерін қалыпты жағдайда жүзеге асыруға кедергі келтіретін жағдайларды қалыптастырумен сипатталады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін тағайындалатын жазалар жүйесін де қайта қарастыру бүгінгі күннің талабынан туындап отыр.

Жасаған қылмыстық әрекеттері үшін тағайындалатын кез келген жаза қылмыстық сипаты мен қоғамға қауіптілігіне лайықты болуы тиіс. Жазаның жасалған қылмыстық әрекетке сәйкестігіне қол жеткізу әрекет үшін заң бойынша қолданылатын сатисфакциялық шаралардың әділдігіне тікелей тәуелділікте болады; сондай-ақ, қолданылатын жаза мәнін нақты жасалған қылмыстық әрекеттің мәніне сәйкестікке келтіру міндетіне де тәуелді болады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ерекшеліктерін ескеретін болсақ, қылмыстылықтың бұл түрінің негізін пайдакүнемдік және сараңдық ниеттері құрайтынын ұмытпауымыз керек; материалдық игіліктер мен құндылықтарды алуға, сондай-ақ үздіксіз баюға деген тоғымсыз және шексіз ашкөздік.

Сондықтан сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жаза тағайындау кезінде қылмыстылықтың осы түріне тән жоғарыда келтірілген ерекшеліктерді назарға алып, жемқорларға қатысты мүлкін міндетті түрде тәркілеу, айыппұл мөлшерін арттыру, қылмыстық әрекеттері арқылы келтірген залалдарының орнын толтыру міндеттілігін бекіту жолымен мүлкікті ықпал етудің шараларын қатайту қажет.

Шұғыл түрде жүзеге асырған жағдайда сыбайлас жемқорлықпен күресуді ұйымдастыру жоспарына көрсетілген ұсыныстарды енгізу мемлекет пен қоғамымыздың аталмыш індеттен елеулі түрде арылуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Еліміздің Конституциясының 1 бабы 1 тармағына сәйкес біздің мемлекеттің басты байлығы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылғандықтан, заманауи құқықтануда, бір жағынан құқықтың адамға, екінші жағынан адамның құқыққа қатыстына байланысты теориялық мәселелер ерекше өзектілікке ие болады.

Құқық пен адам қарым-қатынасы мәселелерін реттеу кезінде әдістемелік тұрғыдан «шынайы өмірдегі нақты құбылыс ретінде құқық дүниедегі басқа да басым көпшілік объектілер сияқты, идеалды және материалды бастаулардан тұратынын» ескерсек, имандылықтағы идеалдық және материалдық категорияларды тұтас, бір жүйе деп қарастырудың болашағы бар деп ойлаймыз. Бұл жерде идеалдық бастаулар материалдыққа қарағанда бастапқы құбылыс болып табылады, өйткені дүниетаным қоғам мен адамның құқықтың пайда болу табиғатына қарым-қатынасын айқындайды. Идея қандай болса, теория да, мемлекет пен құқық та сондай сипатта. Сонымен қатар идеялардың алуан түрлерін екі топқа – жақсылық пен зұлымдыққа, біріктіруге болады. Өзінің табиғаты бойынша философиялық сана таптық сипатқа ие, өйткені ол жақсылық пен зұлымдық, ақиқат



пен жаңылысуға қатысты бейтарап қала алмайды, адамзаттың мақсаттары мен идеяларына селқос және бей-жай қарай алмайды, сондықтан осы мағынада құқықтық сана да таптық сипаттан арыла алмайды».³

Егер идеалды және материалды тәртіп пен мазмұн категориялары құқық жүйесінде, құқықтық санада және құқықтық мәдениетте біртұтас жүйені құрайтын болса, жекелеген адамның, жекелеген тұлғаның бойында құқықтық мемлекет және құқықтық азаматтық қоғам идеалдарына сәйкес келетін дүниетаным мен құқықтық сана неден бастау алуы керек деген қисынды сұрақ туындайды. Қарастырылған мәселені жан-жақты және терең талдау нәтижесінде осындай әмбебап құқықтық-имандылық категория ретінде адамның ар-ұжданын көрсетуге болады деген ойдамыз.

Адам баласының ар-ұжданы түсінігін талдай отырып профессор Л.П. Петражицкий оны адамның «құпия эмоциялық қайнар көзі» деп сипаттайды. «Этикалық эмоциялардың осы сипаты көп жағдайларда халық әдебиетінде, поэзиясында, мифологиясында, дінінде және адамзат рухының өзге де шығармаларында фантастикалық ой-пікір нысанында көрініс табады. Біздің ішкі «Мен» деген бастаумен қатар, оған қарсы тұратын және оны белгілі бір әрекеттер жасауға итермелейтін басқа бір тіршілік иесі бар сияқты, осы тылсым дауыс бізге арнап, бағыттап сөйлейтіндей. Олардың қатарына айталық, ар-ұждан деген түсінік жатады».⁴

Адамзат баласына ар-ұждан түсінігінің жан-жақты, толық сипаттамасын Шәкәрім Құдайбердіұлы ұсынды: «Адамның сыпайылығын, әділдігін, мейірімділігін тұтастай алғанда мен ұждан деген мұсылман сөзімен, «совесть» деген орыс сөзімен түсіндіремін. Біреулер оны «адамгершілік, ар» деп те жатады. Меніңше ол ұжданды білдіреді... ұждан дегеніміз – адамның қалауы, оның жанының қажеттіліктері. Өйткені адамның жаны ешқашан жоғалып кетпейді, бүлінбейді, керісінше уақыт өте жетіліп отырады, биікке ұмтылады. Себебі, ұждан өзінің жетілуін тездететін бастауларды өзіне шарт етіп қояды. Айталық, дененің тазалығы, иманы, ниеті мен әрекеттерінің тазалығы мен толыққандылығы. Сондықтан ең басты қажеттіліктердің бірі ұждан болуы тиіс».⁵

Қазақтың ұлы ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлының осы тұжырымдарының ақиқаттылығы, ғылыми және тәжірибелік құндылығы оның «ұждан» түсінігін адамдардың қарым-қатынасын реттеу үшін қажетті және міндетті әмбебап этикалық категория дәрежесіне дейін көтеруінде: бұл категория сыпайылық, әділдік, мейірімділік сияқты адам

баласының ажырамас құндылықтарының біртұтас жүйесінен құралады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының іліміндегі тағы бір маңызды ғылыми және тәжірибелік ережелердің бірі ұжданның адам жанымен өзара байланыста екендігін көрсетеді, өйткені ұждан адам жанының ең бірінші қажеттілігі болып табылады.

Яғни, адамның жаны мен ұжданының қисынды, үздіксіз өзара байланысы мен өзара тәуелділігін түсіндіру арқылы Шәкәрім Құдайбердіұлы алғаш болып адам қоғамындағы толыққандылық категориясының мәнін айқын және тұжырымды түсіндіруге қол жеткізді. Тиісінше, философиялық мағынада болсын, құқықтық мағынада болсын толыққандылық туралы сөз қозғалғанда идеалды және материалдық бастаулардың тұтастығы ғана емес, осы тұтастықтың негізін құрайтын өзара байланыстағы адам жаны мен ұжданынан туындайтын ажырамас мәнін де назарда ұстауымыз қажет.

Демек, адам жаны ұждан категориясынан бастау алады, өйткені толыққанды тәртіп пен мазмұнның ең жоғарғы құндылығы бола отырып, адам жаны тек «ұждан категориясына сүйене отырып әрекет етуі тиіс» деген тұжырым жасауымызға толық құқығымыз бар. Сондықтан адамның ар-ұжданы адам жанының ұялап, өмір сүретін мекен-жайы десек қателеспейміз. Яғни, адам жанысыпайылық, әділдік, мейірімділіктен бастау алатын ұждан болған жерде ғана өмір сүруі тиіс.

Аталған мән-жайлармен өзара байланыс аясында дүние жүзіне белгілі ойшыл Ошо Раджништің (оқушыларының аудиториясы жүз миллион адамнан асып жығылады) тұғырлы идеялары ерекше көңіл аударуға лайық. Оның айтуынша адам жаны тек адамның ғана, оның ішінде кез келген адамның емес, бойын мекен етеді. «Эволюция, – деп жазады Ошо Раджниш, – адам табиғатының ажырамас қасиеті, эволюция – адамның жаны... жан-жануарлар түпкілікті нысанда туылады, солай туылады және солай өледі. Олардың туылуы мен өлуінің арасында ешқандай эволюция жоқ: олар бүкіл тұрмыс-тіршілігінде бірқалыпты өмір сүреді, ешқандай өзгерістерге ұшырамайды. Олардың өмірінде ешқандай түбірлі өзгерістер орын алмайды. Алға ұмтылу, жетілу, келесі даму сатысына өту олар үшін тән қасиет емес».

«Егер адам, – деп жалғастырады Ошо, – жануарлар сияқты ешқайда да ұмтылмайтын болса, ол адами қасиеттерін жоғалтады, жаны да болмас еді. Гурджиев «адамдардың бәрінде бірдей жан бола бермейді» дегенде осыны меңзеген. Адамның бойында жанның болуы өте сирек кездеседі. Бұл екіұшты пікір, өйткені бізге ғасырлар бойы «адам жанды болып туылады» деп үйретіп келді. Гурджиевтің пікірінше адам нақты жанымен емес, жанға айнала алу қабілетімен туылады. Сіз тек кескінсіз, ал кескін суретке айналуы тиіс. Сіздің бойыңызда тұқым бар, бірақ тұқымның өсіп-өнуі үшін сіз лайықты топырақ

жыл мезгілін, қажетті климат пен дұрыс кезеңді табуыңыз керек.

Дамудың жоғары сатысына өтпесеңіз, сіздің бойыңызда жан болмайды. Ал бойыңызда өсуге, жетілуге ұмтылыс пайда болса сіз – жанға айналасыз...».⁶

Жоғарыда жүргізілген талдаулар келесі тұжырымды жасауға мүмкіндік береді: адам жаны Шәкәрім Құдайбердіұлының түсінігінше адами үш міндетті қасиеттерге – сыпайылық, әділдік, мейірімділік – негізделген ұжданды бойында тәрбиелей алған адамға ғана қонады. Осы қасиеттер жиынтығында шын мәнінде адамның ар-ұжданын қалыптастырады және нақты бір адамның бойында жаны бар немесе жоқ екендігін көрсетеді.

Осыған орай, біздің республикамыздың азаматтарының құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру үшін халықтың алдында беделін көтеру мақсатында іс жүзіндегі заңнаманы жетілдіру қажет; қылмыстылықпен және өзге де құқық бұзушылықтармен күрес жүргізуде қылмыстық әділет органдары қызметінің функционалдық тиімділігін арттыруға назар аударған жөн; құқықтану саласында Қазақстан халқының болмыс-бітімін және заманауи гуманитарлық ғылым жетістіктерін ескере отырып, құқық пен жеке тұлға қарым қатынасымен байланысты мәселелерді шешуді екпіндете түсу қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа бейім элементтердің мемлекеттік қызмет саласына еніп кету қаупін төмендету және қызметтік өкілеттіктерді жемқорлық мақсаттарда теріс пайдалану және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін жемқорлық қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық бекітетін іс жүзіндегі заңнаманы одан әрі жетілдіру мен дамуына қатысты мәселелерді;

⁶Ошо Р. Свобода. Храбрость быть собой. СПб, 2004. С. 64-65.

мемлекеттік қызметке үміткерлерді іріктеу кезінде олардың адами, яғни моральдық-этикалық және имандылық қасиеттеріне басты көңіл аударатын оларға қойылатын талаптарды қатайту және реттеу мәселелері уақыт күттірмейтін міндет болып табылады.

Р.Т. Нуртаев, А.Т. Керимкулов: Актуальные проблемы противодействия коррупции в Казахстане.

В статье с нового ракурса рассматриваются проблемы борьбы с коррупционными преступлениями. При отборе претендентов на государственную службу наряду с требованиями к образованию, квалификации необходимо обращать внимание на их человеческие качества. И только тот, по мнению авторов, чья совесть опирается на такие качества, как мудрость, мужество, рассудительность и справедливость, достоин находиться на государственной службе.

Ключевые слова: коррупция, коррупционер, меритократия, государственная служба, преступность, уголовное законодательство, уголовная ответственность юридических лиц, совесть, справедливость.

R. Nurtayev, A. Kerimkulov: Issues of the Day of Counteraction of Corruption in the Kazakhstan.

The article with a new perspective deals with the problems of combating corruption crimes. The selection of applicants for civil service, along with the requirements for education, qualifications necessary to pay attention to their human qualities. And only one, according to the authors, whose conscience is based on qualities such as wisdom, courage, prudence, and justice, to be worthy of the public service.

Keywords: corruption, a meritocracy, government service, criminality, criminal statute, criminal responsibility of legal entities, conscience, justice.



³Валеев Р.М. Идеальное и материальное в праве // Закон и право. М. 2005. № 10. С. 59.

⁴Петражицкий Л.И. Теория права и государства в связи с теорией нравственности. СПб, 2000. С. 45.

⁵Шакарим Кудайбердиев. Три истины. Алматы. 1991. С. 71-72.

НОВЫЕ КНИГИ



Правовое регулирование экономических отношений в ЕвразЭС /ЕАЭС: Монография/
 Ответ. редактор – Идрышева С.К. Астана, 2016. – 210 с.
 ISBN 978-601-280-740-0

Настоящая работа представляет собой итоговый результат фундаментального научного исследования, посвященного вопросам совершенствования правового регулирования экономических отношений в таком межгосударственном интеграционном объединении, как ЕвразЭС/ЕАЭС. В качестве практического механизма регулирования экономических взаимосвязей между предпринимателями ЕАЭС выступают внешнеэкономические сделки, которые подлежат обязательному таможенному оформлению, в связи с чем наряду с рассмотрением гражданского законодательства проведено также исследование таможенного, инвестиционного законодательства и практики его применения.

В работе принята попытка теоретического осмысления результатов первого этапа развития интеграционного объединения, а также создания ЕАЭС и высказаны предложения по дальнейшему совершенствованию законодательства стран ЕАЭС.

Авторский коллектив: Идрышева С.К., д.ю.н., профессор АО «Университет КАЗГЮУ» – руководитель темы, г. Астана; Алибеков С.Т., д.ю.н., профессор КазУМОиМЯ – соруководитель темы, г. Алматы; Михалева Т.Н., к.ю.н., доцент, советник экспертно-аналитического отдела Секретариата Суда Евразийского экономического союза, г. Минск; Дауленов М.М., PhD, АО «Университет КАЗГЮУ», г. Астана.